



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

жандар бар, яғни халықтың жалпы санының 3,5% -дан астамын құрайды. 2008 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Мүгедектердің құқықтары туралы халықаралық конвенцияға қол қойды. Қазақстан конвенцияға 137-ші мемлекет болып қосылды. Осы конвенцияның 30- бабына сәйкес мүгедектер мәдени өмірге, бос уақыты мен демалысын өткізуге және спортпен шұғылдануға қатысу құқығына ие. Сол себепті бүгінде мүмкіндігі шектелген адамдарға тек әлеуметтік жәрдемақы, медициналық көмек көрсетудегі жеңілдіктермен қамтамасыз етіп қана қоймай, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ең басты армандарының бірі- тыныс-тіршілігіне қажетті қолжетімді ортаға жету арқылы қоғам өміріне белсенді араласу мүмкіндігіне ие болу маңыздылығы болып табылады.

Қазіргі таңда мүмкінділігі шектеулі адамдарға қолжетімді орта құру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсету, олардың қоғамда табысты әлеуметтенуі және ықпалдасуы, еңбек және шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға қоғамдық күштерді, мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлерді барынша жұмылдырған жөн. Яғни, Мүгедектерді әлеуметтік қоғамға кіріктіру. Қорытындылай келгенде мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүмкіндіктерін арттыратын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, табыс тауып, өзін лайықты, сенімді адам сезінуіне ықпал етуіміз керек. Бүгінгі күнде мүмкіндігі шектеулі адамдардың ғимараттарда еркін қозғалуына арналған пандустардың орнатылуы түйткілді мәселенің бірі. Ең бастысы, өмірдің белсенді азаматына айналуына мүмкіндік беретін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Яницкий О. Социология города // Москва 1998 г. С.148-159.
2. Government Implementation of the Standard Rules As Seven by Member Organizations of Disabled Peoples' International DPI
http://www.independentliving.org/standardrules/DPI_Answers/DPI.pdf.
3. <http://www.inform.kz/kaz/article/2739188>
4. Социологический энциклопедический словарь / Москва 1998 г. С.140

УДК 364.694-053

МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ҮЙДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМШЕСІНДЕГІ ЦЕРЕБРАЛДЫ САЛ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БОЙЫНША МАМАННЫҢ КОМПЕТЕНЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНЕ ТАЛДАУ

Каирбекова Гульжан Ерланқызы

kairbekova.gulzhan@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1222 Қаулысымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартында 18 жасқа толмаған мүмкіндіктері шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету ерекшеліктері белгіленген (ары қарай Стандарт). Оның ішінде қызмет көрсету формалары, мөлшері, қызмет көрсетілетін жағдайлар, қызмет алу үшін тапсырылатын құжаттар мен өтініш формалары, қызмет тоқтатылатын жағдайлар мен қызмет көрсетудің өзге де тұстары сипатталған. Осы Стандартта әлеуметтік жұмыскерлердің атқаратын қызметтерінің барлығы белгіленгенімен, қызмет көрсетуде оларды түгелдей бір адам үшін орындау физикалық тұрғыда мүмкін емес көрінеді.

Стандартта қызмет көрсетуге медициналық қарсылықтар белгіленіп отырса да, мүгедек баланың отбасында әлеуметтік қауіпті ауруларға шалдыққан адамдар, немесе психикалық

тұрақсыз, не болмаса есірткі немесе алкогольдік тәуелділігі бар адамдар болуы мүмкін. Әлеуметтік жұмыскерлер осындай тұрмыстық жағдайы төмен отбасыға барып, қызмет көрсеткенде тәуекелге барады. Демек, әлеуметтік жұмыскердің жеке басының қауіпсіздігіне жасалған шарттар жеткіліксіз.

Әлеуметтік жұмыскерлердің профессионалдык бейнесінде қызмет көрсетуші мамандардың басым бөлігі әйелдер болып табылады. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің бала тууға жарамды жастағы әйелдердің жеке пікірі бойынша, олар болашақта балалы болуға үрейленеді екен. Үрей пайда болуының негізгі себебі олардың кәсіби қызметі мен қарамағындағы клиенттердің аурулары туралы көптеген ақпаратқа ие болып, сол ауруға шалдыққан науқастарды көз алдында үнемі көріп отыруы деп түсіндіреді. Осының барлығы әйел әлеуметтік жұмыскерлердің профессионалдык деформациясының көріністері ретінде қарастырылып, олардың алдын алуға бағытталған шараларды ойластыру қажет. Осымен, қайтадан әлеуметтік жұмыскерлердің қауіпсіздігіне келіп тірелеміз.

Келесі бір айтпай өтуге мүмкін емес жай - әлеуметтік жұмыскерлердің мойындарына жүктелген қызметтердің алуан түрлілігі. Иа, қызмет алушы үшін оның тиімділігі сөзсіз, ал енді осы жағдайды әлеуметтік жұмыскер көзімен қарастырайық:

1. Стандарт бойынша мүмкіндіктері шектеулі балаларға көрсетілетін қызмет көлемі мен түрлерін анықтау әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші, күтім көрсететін маман немесе үйде көмек көрсету бойынша бөлімше ұжымының мамандардың кеңесі негізінде жүргізілуі тиіс. Енді көз алдымызға осы процессті елестетіп көрейік: мүгедек баланың ата-анасы баланың құжаттарың толығымен тапсырып, өтініш толтырды; бөлімше меңгерушісі мен кеңесші баланың үйіне барып, тұрғын үй актің әзірледі, баланы он күн ішінде әлеуметтік жұмыскер бақылап, ата-анасымен кеңесіп, балаға қандай қызмет түрлері қажет екенін анықтады. Келесі 3 күн ішінде әлеуметтік жұмыс бойынша маман баланың индивидуалды ерекшеліктеріне сәйкес жеке даму жоспарын жасау керек. Оңай көрінгенімен, мәселе *индивидуалды* деген сөзге тіреледі. Бөлімшеде қызмет алушы балалардың 90 пайызына жуығы балалық сал ауруына шалдыққан. Сал ауруының түрі мен күрделілігіне байланысты балаға көрсетілетін немесе көрсетуге тыйым салынған қызметтер бар (Мыс: бассейнге апару, адам көп жерлерге бару, аяғына тұрғызу, шалқайту, т.б.). Демек, әлеуметтік жұмыскер баланың индивидуалды даму жоспарын әзірлегенде міндетті түрде невропатолог, терапевт мамандарымен кеңесуі тиіс. Стандарт бойынша невропатолог және терапевт мамандары үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері үшін қарастырмағандықтан, әлеуметтік жұмыскер еріксіздіктен осы мамандардың функцияларын да атқарады. Әрбір баланың ата-анасынан эпикриз құжатын сұрап, әуреленіп оны талдағаннан кейін ғана қажетті жоспарды дайындайды.

Енді көрсетілетін қызметтерді талдап, әлеуметтік жұмыс бойынша мамандардың компетенциялық міндеттерін қарастырайық:

Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер:

Стандартта олар былай деп белгіленген: денсаулық жағдайы бойынша әдеттегі, оның ішінде, төсектен тұру, төсекке жату, киіну және шешіну, жуыну, тамақ ішу, сусын ішу, дәретхананы немесе дәрет ыдысын пайдалану, қозғалып жүру, тісін немесе жағын күту, көзәйнекті немесе есту аппаратын қолдану, тырнағын алу, күнделікті рәсімдерді орындауға қабілетсіз қызмет алушыларға жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсету. Іс жүзінде осы қызметтер баланың заңды өкілі - ата-анасы немесе тәрбиелеушілері атқаруы қажет. БҰҰ Бала құқықтары бойынша декларация, ҚР «Бала туралы» Заңында баланың күтімі мен оған қажетті жағдайлар жасау ата-анасының міндеттерінің бірі болып табылады. Кейбір ата-аналар Стандарттың осы тұсын пайдаланып, әлеуметтік жұмыскерлерге өз міндеттерін жүктеуден тайынбайды. Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің келесі бабы – баланың ата-анасына осы қызметтерді қалай көрсетуді үйрету. Осы қызметті орындай үшін әлеуметтік жұмыскер алдымен өзі балаға қалай күтім жасауды білуі қажет. Қызмет көрсету бөлімшесінде тәжірибелі әлеуметтік жұмыскер апта сайын тәжірибе бөлісу мен бір-біріне қажетті дағдыларды үйрету мақсатында семинарлар өткізіп

отырады. Семинар өткізетін әлеуметтік жұмыскерлердің еңбегі ақылай марапатталмайды, ол өз кезегінде әлеуметтік жұмыскерлердің дағдыларын ары қарай дамытып отыру мотивациясына кері әсер етеді. Ал жаңадан ашылған бөлімшелерде науқастарға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуде тәжіриебесі жоқ әлеуметтік жұмыскерлер жиналса не болмақ? Әлеуметтік жұмыскерлердің орныдайтын функцияларының ішіне әлеуметтік жұмыскерлерді оқыту функциясы да еніп отыр.

Әлеуметтік-медициналық қызметтер:

Стандарт бойынша көрсетілетін қызметтердің ішінде ерекше атап өтетіні - алғашқы медициналық көмек көрсету, қызмет алушыға қажетті процедуралар жүргізу болып табылады. Осы қызмет түрлерін көрсету үшін әлеуметтік жұмыскер арнайы медициналық оқыту курстарынан өтуі қажет немесе, қандай да бір медициналық білімі болу қажеттігі сөзсіз. Осындай қызметтердің әлеуметтік жұмыскерге жүктелуі тек әлеуметтік жұмыскер үшін ғана ыңғайсыздықтар туғызып қана отырмай, қызмет алушының денсаулығы үшін қауіпті. Кез келген медициналық әрекеттерді тек дәрігердің нұсқауымен, қажетті дайындығы бар маман атқаруы қажет, осыған орай қызмет алушыға көрсетілетін аталған әлеуметтік-медициналық қызметтерді арнайы медициналық білімі бар мамандарға жүктеу абзал.

Әлеуметтік-психологиялық қызметтер:

Әлеуметтік жұмыскер бала және оның отбасындағы психологиялық атмосфераны бақылап, кері өзгерістерді болдырмау мақсатында психокоррекциялық жұмысты жүзеге асырады. Бөлімше ұжымында психолог тұрақты жұмыс атқарып отырады. Бөлімшеде әлеуметтік жұмыскерлер мен психолог бірігіп отырып, ата-аналардың бала күтімі бойынша өзара тәжіриебе бөлісу тобын ұйымдастырды. Бала күтіміне байланысты үйінен сирек шығатын, жұмыс істеуден қол үзген ата-аналар үшін топ ішінде араласу, танысу мен өзге топтық қарым-қатынасқа түсу өте маңызды, және психологиялық көңіл-күйінің көтереді. Психологиялық қызметтерді көрсету үшін әлеуметтік жұмыскер психологиялық білімге ие болуы керек, тағы да әлеуметтік жұмыскердің шамадан тыс мультифункционалды болуы көрінеді.

Әлеуметтік-педагогикалық қызметтер:

Әлеуметтік жұмыскерлер балалардың әлеуметтену барысында уақытылы қалыптаспаған немесе жоғалтылған өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын үйретеді, ата-аналарға бала тәрбиесі жөнінде кеңес береді. Балаларды болашақта білім алуына дайындап, балада алғашқы оқу дағдыларын қалыптастырады. Осымен қатар әлеуметтік жұмыскер бала тәрбиесі бойынша кеңес береді. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді енді алып бастаған отбасыларға жағдайды түсіндіріп, жақын болашаққа отбасы өмірін жоспарлауға бағдар береді, отбасыда қызмет алушы баланың аға-інілерімен педагогикалық жұмыс жүргізеді. Осы қызметтерді көрсету мол тәжіриебе мен педагогикалық тактты қажет етеді, демек, әлеуметтік жұмыскерге педагог қызметтері де жүктеледі.

Әлеуметтік-мәдени қызметтер:

Әлеуметтік жұмыскерлер әрбір мерекелік күндерге сәйкес мерекелік іс-шараларды ұйымдастырады, балаларды сайыстарға дайындап қатыстырады. Мерекелік іс-шаралар жергілікті бюджеттен қаржыландырылады, алайда балаларға жоғары деңгейде мерекені өткізу үшін демеушілердің көмегіне жүгінеді. Демеушілер көмекті өздері келіп ұсынады, немесе бөлімше меңгерушісі, кеңесші немесе әлеуметтік жұмыскерлер фандрайзинг функциясын орындап, демеушілерді тартады.

Әлеуметтік-экономикалық қызметтер:

Әлеуметтік экономикалық қызметтерге мүгедек баланы асырап отырған отбасыға мемлекеттегі заң бойынша тиесілі жәрдемақыларды алуға көмектесу, отбасының тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмектесу, және отбасылық бюджетті дұрыс пайдалану бойынша кеңес беру жатады. Осы жерде әлеуметтік жұмыскер қаншалықты осындай кеңестер беруге дайын деген сұрақ туындайды? Отбасы табысының белгілі-бір бөлігі мүгедек баланы емдеу және реабилитациялауға жұмсалатыны анық, ал қалған бөлігін қалай толыққанды өмір сүруге жеткізудің жолдарын әлеуметтік жұмыскер қалай анықтайды? Демек, әлеуметтік

жұмыскерге отбасылық бюджетті қалыптастыру мен тұрмыс жағдайларын жақсартудың жолдарын үйрететін оқу пәнін білім беру жүйесіне енгізу қажет. Ал іс-жүзінде әлеуметтік жұмыскерлердің біреуі алдында осындай жағдайларға тап болып, шығу жолын тапса, соны өзгелерге ұсынады. Бірақ ең басында айтып кеткен индивидуалды келіс бойынша, әрбір отбасының өзіндік экономикалық мәселелері болады. Ең оптималды шығу жолдарын арнайы экономикадан хабардар маман кеңесімен тандаған жөн.

Әлеуметтік-құқықтық қызметтер:

Әлеуметтік-құқықтық қызметтердің негізгі мәні – клиенттің мүддесіне өкілдік ету – Стандартта көрсетілген жағдайлар бойынша қажет болған жағдайда құжаттарды алуға, әзірлеу мен толтыруға көмектесу; клиент құқылы әлеуметтік жеңілдіктер мен тегін әлеуметтік қызметтерді, жәрдемақыларды алуға жәрдемдесу; ата-аналарға әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша заңды түсіндіру және құқықтық кеңес беру; қажет болған жағдайда адвокат көмегін тегін алуға көмектесу. Осы жердегі ең маңызды ерекшелік – әлеуметтік жұмыскер әлеуметтік қолдау мен қамтамасыз ету бойынша өз саласына қатысты заңдар, қаулылар мен өзге де нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын жақсы білу керек. Тек осы шарттын орындалуы әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсету аясындағы әлеуметтік жұмыскердің компетенциялық міндеттерінің сапалы орындалуын анықтайды.

Көрсетілетін қызметтердің саны мен сапасы әлеуметтік жұмыскердің компетенциялық біліктілігі мен көрсетілетін қызметтердің қаншалықты даярлықты қажет ететіндігі мен қызметтің күрделілігіне байланысты. Сондықтан әлеуметтік жұмыскердің қызметтік міндеттері қайтадан бағалаудан өткізіліп, сәйкесінше қызметтік нұсқаулықтар әзірленуі тиіс. Сонда ғана церебралды сал ауруына шалдыққан балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсетуші әлеуметтік жұмыскердің компетенциялық міндеттерге сай келетіндігі немесе келмейтіндігін дұрыс анықтауға болады. Ал әзірше, қолданыстағы Стандарт белгіленген қызметтер түрі бойынша ең тәжірибесі мол және білімді деген әлеуметтік жұмыскердің орындайтын компетенциялық міндеттері 100% Стандарт бойынша реттеледі деп айтуға қиын. Қазақстанда әлеуметтік жұмыс пайда болғалы әлеуметтік жұмыстың объектілері жан-жақты зерттеліп келеді, ал оларға қызмет көрсетуші субъекттер - әлеуметтік жұмыскерлер жазықсыз көңілден тыс қалып отыр. Салдары ретінде әлеуметтік жұмыскерлердің ағымдағы жағдайын (білімдер, дағдылар, профессионалдық күй синдромы, т.б.) объективті бағаламай (әлеуметтік жұмыстың пәнаралық сипатқа ие болуын қолданып), өзге мамандардың қатысуын міндетті түрде қажет ететін қызмет түрлері үйде әлеуметтік қызмет көрсететін әлеуметтік жұмыскерге жүктелді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1222 Қаулысымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты
2. Каирбекова Гульжан, Мүмкіндіктері шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету ерекшеліктері, Астана, 2014.

УДК 316.179

**СОЦИАЛЬНО – ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ АДАПТАЦИЯ СОЛДАТ
СРОЧНОЙ СЛУЖБЫ**

Калимжанова Гульмира Булатовна

gumochka_k93@mail.ru

Студентка 4 курса факультета социальных наук

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - Ж.К.Бекова